

«ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ ӨНДІРІСТЕ ЖАРАҚАТ АЛУ ЖАЙТТАРЫН «НӨЛДІК ЖАРАҚАТТАНУШЫЛЫҚ» НЕМЕСЕ «VISION ZERO» ТҰЖЫРЫМДАМАСЫ ДЕҢГЕЙІНЕ ЖЕТКІЗУ БАҒЫТЫНДА БІРНЕШЕ ЖЫЛДАН БЕРІ ЖҰМЫС ЖҮРГІЗІП КЕЛЕДІ. ӨНДІРІСКЕ ЦИФРЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР БЕЛСЕНДІ ЕНГІЗІЛУДЕ ЖӘНЕ ОЛАР ОРНЫ ТОЛМАС ҚАЗАҒА НЕМЕСЕ ҚАЙҒЫЛЫ ОҚИҒАЛАРҒА АЛҒЫШАРТ БОЛАРЛЫҚ ЕЛЕУСІЗ КЕМШІЛІКТЕРДІҢ ДЕР КЕЗІНДЕ ТҮЗЕЛУІНЕ СЕПТІГІН ТИГІЗУДЕ.



Асхат САРИЕВ,
«ҚТЖ» ҰК» АҚ Өндірістік қауіпсіздік және экология департаментінің директоры



№38 (2646)
28/05/2021

ҚАЗАҚСТАН ТЕМІРЖОЛШЫСЫ

РЕСПУБЛИКАНСКАЯ ТРАНСПОРТНО-ЛОГИСТИЧЕСКАЯ ГАЗЕТА
ИЗДАЕТСЯ С 12 МАЯ 1931 ГОДА

ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНИК КАЗАХСТАНА

Итоги совместной работы в области перевозок грузов и дальнейшие шаги долгосрочных перспективных направлений партнерства обсудили в ходе встречи в Баку председатель правления АО «НК «Қазақстан темір жолы» Нурлан Сауранбаев и глава ЗАО «Азербайджанские железные дороги» Джавид Гурбанов.



ПЕРСПЕКТИВНЫЕ НАПРАВЛЕНИЯ ПАРТНЕРСТВА

Махаббат НЕГЕМБАЕВА,
Нұр-Сұлтан

Стороны отметили положительную динамику объема в сегменте транзитных грузоперевозок через железные дороги Казахстана и Азербайджана.

На встрече сообщалось, что за четыре месяца 2021 года по Транскаспийскому международному транспортному маршруту (ТМТМ) транзит контейнеров вырос в 2,8 раза по сравнению с аналогичным периодом 2020 года и достиг объема 4,3 тысячи ДФЭ.

Активно развивается фидерная линия по маршруту порт Актау – порт Баку (Алят) – порт Баку, которая была запущена в 2019 году. За период январь-апрель 2021-го перевезено более 5 тысяч ДФЭ, что на 11% выше показателя аналогичного периода 2020 года

– Участники встречи отметили эффективность и востребованность перевозок ТМТМ, обговорили вопросы расширения сотрудничества двух стран в рамках международного коридора, соединяющего Китай, Казахстан, Каспийское море, Азербайджан, Грузию, Турцию и страны Европы, – сообщил генеральный секретарь

международной ассоциации «Транскаспийский международный транспортный маршрут» Рахметолла Кудайбергенов.

Что касается перспектив дальнейшей совместной работы, руководством АО «НК «Қазақстан темір жолы» и ЗАО «Азербайджанские железные дороги» отмечена необходимость принятия Стратегии развития маршрута до 2025 года, которая позволит в полной мере реализовать потенциал ТМТМ. Также стороны договорились о цифровизации маршрута, что улучшит перевозочную деятельность.

УКРЕПИТЬ СВЯЗИ



Возможности развития дальнейшего сотрудничества обсудили руководители АО «KTZ Express» и ТОО «Международная логистика CRCT Казахстан» в ходе встречи в Нур-Султане.

Стороны договорились о двустороннем сотрудничестве и совместном проекте по контейнерным перевозкам на Центральную Азию и Европу.

По итогам встречи между представительством в Китае «Xinjiang KTZ International Logistics Co., LTD» и ТОО «Международная логистика CRCT Казахстан» подписан договор на организацию контейнеров в направлении Центральной Азии и Европы.

Кирилл МАКСИМОВ, Нур-Султан

КОММЕРЦИАЛЬК ПОЙЫЗДАР ЖОЛҒА ШЫҒАДЫ



Жазғы маусым қарсаңында халықтың сұранысын қанағаттандыру үшін «Жолаушылар тасымалы» АҚ «Тальго» вагондарына құралған төрт коммерциялық пойызды іске қоспақ.

Мәселен, 1 маусымнан бастап «Нұр-Сұлтан-Нұрлы жол-Атырау» бағытындағы №19/20 пойыз күн сайын Нұр-Сұлтан-Нұрлы жол станциясынан тақ саңдар бойынша, Атырау станциясынан жұп саңдар бойынша жөнелтілетін болса, «Алматы-2-Нұр-Сұлтан-Нұрлы жол» бағытындағы № 701/702 пойызы күн сайын қатынайды.

Ал 2 маусымнан бастап Нұр-Сұлтан-Нұрлы жол станциясынан «Нұр-Сұлтан-Нұрлы жол-Орал» бағытындағы №95/96 пойызы Нұр-Сұлтан-Нұрлы жолдан жұп саңдар бойынша, Орал станциясынан тақ саңдар бойынша шығатын болады. Сондай-ақ, 3 маусымнан бастап «Алматы-2-Түркістан» бағытындағы № 71/72 пойыз Алматы-2 станциясынан тақ саңдар бойынша, ал Түркістан станциясынан жұп саңдар бойынша қатынайтын болады.

Ұлттық тасымалдаушы компания жолаушыларға жол жүру құжаттарын онлайн, соның ішінде BILET.RAILWAYS.KZ ресми сайты арқылы рәсімдеуге кеңес беріп, коронавирустық инфекцияның таралуы кезеңінде санитарлық-эпидемиологиялық талаптарды сақтауды, сонымен қатар, жол жүру барысында өздерімен бірге жеке бас қорғаныш құралдарын (бетперделер, қолғаптар, антисептиктер) алып жүруді сұрайды.

Жолаушылар сервистік қызметтердің сапасы бойынша өз ұсыныстары мен шағымдарын бірінші тәулік бойы жұмыс істейтін «1433» байланыс орталығына жібере алады. Осы арада, ескеретін бір жайт, тойыншты жіберген кезде сапар күнін, пойыздың, вагонның және орынның нөмірін, сондай-ақ кері байланыс үшін байланыс құралын көрсетуі қажет. Ал пойыздар қозғалыс кестесі туралы барлық ақпаратты «105» анықтама қызметінен алуларына болады.

Ислам ТАЛҒАТ

ЦИФРЫ ГОВОРЯТ

ФИЛИАЛ АО «KTZ EXPRESS» – «KTZE ЗАПАДНЫЙ» ОРГАНИЗОВАЛ ПЕРВУЮ ОТПРАВКУ

6 СОРОКАФУТОВЫХ КОНТЕЙНЕРОВ ИЗ СЕВЕРО-ВОСТОЧНОЙ АФРИКИ В КАЗАХСТАН

ЗА ЧЕТЫРЕ МЕСЯЦА 2021 ГОДА ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНЫМ ТРАНСПОРТОМ ПЕРЕВЕЗЕНО

134577,88 ТЫСЯЧИ ТОНН

ГРУЗОВ, БАГАЖА, ГРУЗОБАГАЖА

ЗА ПЕРВЫЙ КВАРТАЛ ТЕКУЩЕГО ГОДА В КОСТАНАЙСКОМ РЕГИОНЕ СФОРМИРОВАЛИ И ОТПРАВИЛИ

8 КОНТЕЙНЕРНЫХ ПОЕЗДОВ НАЗНАЧЕНИЕМ САЗ, ПОРТ АКТАУ, ШЫМКЕНТ, ДОСТЫК КНР

Конференция

ОРТАҚ МАҚСАТ ПЕН МҮДДЕ ЖОЛЫНДА

«ҚТЖ» ҰК» АҚ басшылары, уәкілетті мемлекеттік органдар мен «Атамекен» ҚР Ұлттық Кәсіпкерлер палатасының, «KAZLOGISTICS» Қазақстан көлік қызметкерлері одағының, экспедиторлық және операторлық компаниялардың өкілдері қатысқан конференцияда Қазақстандағы тасымалдау, экспедиторлық және операторлық қызмет туралы сөз болды.

Даниял ХАМИТ,
Нұр-Сұлтан

Құқықтық реттеу және тасымалдау процесіне қатысушылардың теміржол қызметтері нарығындағы жеке тасымалдаушылармен өзара іс-қимыл технологиясы мәселелеріне баса назар аударылды. Сондай-ақ, әзірге екі жеке жүк операторы пилоттық режимде магистральдық желіге қол жеткізгені атап өтілді. Бұл ретте тасымалдау процесінің барлық қатысушылары Ұлттық инфрақұрылым операторы, «ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС және жеке тасымалдаушылар арасындағы өзара іс-қимылдың бекітілген регламентін басшылыққа алады. Қазіргі уақытта жұмыс технологиясын жақсарту және нормативтік-құқықтық актілерге қажетті өзгерістер енгізу бойынша бірлескен жұмыс жүргізілуде.

Конференция қатысушылары жекелеген бағыттардағы магистральдық тепловоздардың жетіспеушілігіне алаңдаушылық білдірді. Компаниямен тасымал көлемінің артуын қанағаттандыру үшін тарту құралдары жетіспеушілігін толтыру бойынша жедел шаралар қабылдауда.

«ҚТЖ» ҰК» АҚ Басқарма төрағасының бірінші орынбасары Қанат Әлмағамбетов қолданыстағы нормативтік-құқықтық актілерге және нормативтік-технологиялық құжаттамаға қажетті өзгерістер енгізілгеннен кейін қалған жеке тасымалдаушылар өз қызметін жаппай жүзеге асыра бастайтынын жеткізді.

Ол сондай-ақ көлік-логистикалық инфрақұрылымды дамыту және тиімділігін арттыру бойынша компанияның негізгі міндеттерін атап көрсетті.

– Біздің тарапымыздан «Достық – Илецк теміржол көлік

дәлізін жаңғырту» ТЭН жобасы жүзеге асырылды. «ҚТЖ» ҰК» АҚ мемлекеттік органдармен бірлесіп үлкен жұмыс атқарса, соның нәтижесінде жобаны жүзеге асыру мерзімі 2023 жылдан 2021 жылға ауыстырылды. Ағымдағы жылдың екінші жартыжылдығында Достық – №19 разъезд аралығында екінші жолдың құрылысын бастау жоспарлануда, – деп атап өтті Қанат Әлмағамбетов.

Көлік нарығының қатысушылары жобаны жедел іске асыру туралы шешімді оң бағалады. Ол Қытай – Еуропа бағыты бойынша контейнерлік тасымалдардың Ресей аумағы арқылы баламалы маршрутқа ағылу қаупін болдырмауға мүмкіндік береді. Конференция қорытындысы бойынша көлік қызметі сапасын арттыру үшін «ҚТЖ» ҰК» АҚ мен бизнестің бірлескен жұмысының басым бағыттары айқындалды.



ЗАПУСК HR-АКАДЕМИИ В КОМПАНИИ СОСТОЯЛСЯ В 2019 ГОДУ. 99% ОБУЧЕННЫХ СОТРУДНИКОВ АО «НК «ҚТЖ» ОЦЕНИЛИ ПОЛУЧЕННЫЕ ЗНАНИЯ КАК АКТУАЛЬНЫЕ, НОВЫЕ И ПРИМЕНИМЫЕ В РАБОТЕ. 97,8% РЕКОМЕНДОВАЛИ ДАННОЕ ОБУЧЕНИЕ РАБОТНИКАМ ДРУГИХ СТРУКТУРНЫХ ПОДРАЗДЕЛЕНИЙ. К НАСТОЯЩЕМУ ВРЕМЕНИ ПО ГРУППЕ КОМПАНИЙ АО «НК «ҚТЖ» НАСЧИТЫВАЕТСЯ ПОРЯДКА 1 200 РАБОТНИКОВ HR

Ербол ТОКТАҒАЗЫ,
главный менеджер группы развития персонала филиала АО «НК «ҚТЖ» – «многофункциональный центр обслуживания»

Күрделі жөндеу

БІР КҮНДЕ – 5 ШАҚЫРЫМ

Инфрақұрылымды сауықтыру, темір жолдарды күрделі жөндеуден өткізудің қолайлы маусымы жаз айларының әрбір сәтін тиімді пайдалану – теміржолшылар үшін қалыптасқан дәстүр. «Теміржол жөндеу» ЖШС бір күнде республика бойынша 5,1 км жолды күрделі жөндеуден өткізді.

Ұлан ОРАЗ,
Нұр-Сұлтан

Атап айтсақ, 22 мамыр күні Магистральдық желі құрылысы және күрделі жөндеу жұмыстарымен айналысатын компанияның Бірлік ПМС филиалы Көктөбе-Жұмыскер телімінде – 1,5 км, ал Астана ПМС

филиалы Перекатная-Казакская телімінде – 1,2 км, Ақтөбе ПМС филиалы Қайдауыл-Ұлпан телімінде – 1,2 км және Шар ПУ Қарақойтас-16 бекет аралығында 1,2 км темір жолды күрделі жөндеуден өткізді. Ұжымның барлық өңірлердегі филиалдарында жұмыс жүйелі жолға қойылған, 22 мамырдағы

жағдай бойынша күрделі жөндеуден өткен жолдың жалпы ұзақтығы 70,683 км құрады.

«ҚТЖ» ҰК» АҚ-ның еншілес кәсіпорны саналатын аталған серіктестіктің қызметі сан алуан. Олар көрсететін қызметтердің ішінде жаңа теміржол желілерін салу, рельстік шпалдың торын тігу,

бағыттағыштың қондырмасының жекелеген компоненттерін, яғни рельстер, шпалдар, бөренелер, рельсті бекіткіштер, өткелдер палубалары және т.б. ауыстырып-қосқыштарды құрастыру және төсеу, жеке жылжымалы құраммен жол-құрылыс материалдарын, сусымалы жүктерді тасымалдау және т.б. жұмыстар бар. Сонымен қатар ескі рельстерді қалпына келтіру, теміржолдар құрылысына балласт қабаты үшін қиыршық тас өндіру, пойыздар жүретін теміржол жолдарының ішінде жаңа қарамастан техникалық байқау, тексеру және диагностика



жүргізу, теміржол трассасының техникалық жағдайын бағалау, өткелдерді күрделі жөндеуден өткізу, теміржолға ағымдағы жөндеу жүргізіп, техникалық қызмет көрсету, жылжымалы құрамның өтуі үшін кірме жолды дайындау қызметтерін де атқарады.

Былтыр «Теміржол жөндеу» компаниясы Қазақстан темір жолы бойынша 177 км жолға күрделі жөндеу жүргізді. Сондай-ақ 90,4 км жолдың рельстерін дәнекерлеп, жөндеу жұмыстары барысында 900 000 м³ топырақ төккен.

КӘСІПОДАҚ ӨКІЛДЕРІ КЕЗДЕСТІ

Қосұйым МҰҚАШЕВ,
Атырау



ӘЛЕУМЕТ

Басты мақсаты жұмысшылардың мүддесін қорғау болып саналатын кәсіподақ ұйымының жұмысы сала тынысында жан-жақты көрініс табуда.

Жұмысшылардың құқықтық, әлеуметтік, медициналық, басқа да тұрғыда қорғалуы заң тұрғысында негізделген. Заман талабына сай оларды жергілікті жерлерде түсіндіріп, насихаттау қажет. Сол бағытта жуырда Атырауға «Қазақстандық салалық теміржол, автомобиль, әуе және су көлігі қызметкерлерінің кәсіби одағы қоғамдық бірлестігі» төрағасының орынбасары Бақытжан Қуанышев келіп, өңірдегі теміржол мекемелері кәсіподақ ұйымдарының жетекшілерімен кездесті.

Бақытжан Мұқанбетұлының айтуынша, темір жол саласында қысқарту жүреді деген қауесет халықты алаңдатып отыр. «Кәсіподақ бұл мәселені ұдайы назарда ұстайды, бүгінде онтайландыру саясаты, цифрландыру үдерісі кейбір мамандықтардың қажетсіз болып қалғандығын дәлелдейді. Мәселен, халық қазір әуе не темір жол билеттерін онлайн алады, ол үшін кассаға барудың қажеті жоқ. Диспетчерлер бір орталыққа жұмылдырылды, ол да жаңа технология жетістігі, басқа да мысалдар көп. Бірақ біз қысқартуға жол бермейміз, босап қалғандар далада қалмайды, басқа жұмыстарға ауыстырып, қайта даярлықтан өткізіп, міндетті түрде жұмыспен қамтуға тырысамыз. Екінші мәселе, елді жайлаған індетке қарсы, яғни COVID-19 коронавирусына қарсы вакцинациялау. Мұның да қоғам үшін маңызы зор. Әлеуметтік желілерде әртүрлі қауесет жүр. Бірақ вакцинациялауды халық дұрыс қабылдап, оң шешім алуы тиіс. Өзінің, отбасының, басқа да айналадағылардың, ұжымдастарының қауіпсіздігі үшін екпе салдырған дұрыс» дейді Б.Қуанышев.

Кәсіподақ жұмысшылар мүддесін қорғау барысында олардың әлеуметтік жағдайын да қамтиды, демалыс орындарына жолдама беру, емдеу шаралары, құттықтау, марапаттау, сыйлық беру, дастархан ұйымдастыру, т.б. көптеген мәселелер бар. Тек соларды салық органдарымен заңдастыру, есеп-кітап түзулігі кейде сәйкессіздік тудырады. Ол жөнінде Бірлестіктің бас есепшісінің орынбасары Людмила Яковлева салық заңдарының қыр-сырымен бөлісіп, түсінік берді, екі жақты диалог орнап, мекеме кәсіподақ басшылары өздеріне қажетті сұрақтарына жауап алды.

«ЕВРОХИМ» ЕҢСЕ ТІКТЕП КЕЛЕДІ

Асхат РАЙҚҰЛ,
Тараз



ТАСЫМАЛ

Жаңатас қаласының іргесіндегі Рудничная станциясы ірге қалағанына бес жыл толды. «ЕвроХим» отандық кәсіпорны өндірген фосфорит ұнтағын тиеген алғашқы құрам бес жыл бұрын осы станциядан аттанған.

Рудничная станциясы жобасы тау-кен кешенінің соғылуымен қатар 2013 жылы басталды. 2015 жылдың соңында монтажды-құрылыс және жол төсеу жұмыстары аяқталған. 2016 жылы фосфорит ұнтақ өндіретін кәсіпорын Ресейдің Белореченск және Кингисепп қалаларындағы «ЕвроХим» кәсіпорындарына алғашқы өнімін жіберді.

Тау-кен кешендері жобаман жылына 640 мың тонна фосфорит ұнтағын шығарады. Қазіргі таңда станцияда 21 теміржолшы жұмыс істеп жатыр, бүгінде жаңа соғылып жатқан химкомплекспен тығыз қарым-қатынасы бар логистикалық инфрақұрылымды дамыту жобалануда. Жаңатас станциясымен «ЕвроХим-Қаратау» – Дегерес өндіріс станциясын жалғап өтетін жобалық құжаттар дайындалуда. Бұл өз кезегінде 2031 жылға қарай 3 827,94 мың тонналық дайын өнімнің логистикалық жүк тасымалдауын қамтамасыз етеді деген болжам бар. Айта кетейік, 2015-2020 жылдар аралығында «ЕвроХим-Қаратау» өндірісінен 37 284 вагон жүк тиеліп жөнелтілген.

СҰРЫПТАУ ДӨНЕСІНДЕ САУАТТЫЛЫҚ ҚАЖЕТ



АЙЛЫҚ

Шахида ЖҰМАН,
Маңғыстау

Маңғыстауда «Сұрыптау дөңесінен вагондарды тарату технологиясын сақтау» айлығы өтті. Сәуір айының 20-да басталып, мамырдың 20-да аяқталған айлық аясында белгіленген жоспарға сай түрлі іс-шаралар жүргізілді.

Алдымен, станцияның барлық жұмыс орындарында алдын ала бекітілген жоспарға сәйкес айлықты өткізу мақсаты және мазмұны көрсетілген ақпараттық аншлаптар ілінді. ҚТЖ желісі бойынша жол берілген қозғалыс қауіпсіздігін бұзу оқиғаларының мән-жайлары бойынша нұсқаулықтар өткізіліп, станция кезекшісі, дөңес кезекшісі, пойыз құрастырушылар мен сигнал берушілер, тағы басқа қозғалыс саласына қатысты мамандық иелері қамтылды.

Айлық барысында басшылардың қатысуымен түрлі тексерістер ұйымдастырылды. Маңғыстау станциясы бойынша айлықтың бірінші онкүндігі аясында 9 тексеру өткізіліп, нәтижесінде 4 бұзушылық анықталды. Олар сұрыптау дөңесінің жұмыс жөніндегі нұсқаулықтарды, лауазымдық нұсқаулықтарды, келіссөздер регламентін сақтау, вагондарды бекітуге арналған тежегіш башмақтар мен құрылғыларды есепке алу, сақтау, таңбалау, пайдалану тәртібі туралы нұсқаулық талаптарын орындау бойынша болған.

Бірінші онкүндік қорытындысы бойынша Маңғыстау станциясында станция бастығы Ж.Жолаевтың, Маңғыстау жүк тасымалы бөлімшесі директорының бірінші орынбасары Е.Бурхотовтың төрағалығымен кеңес өткізіліп, атқарылған жұмыстар мен табылған кемшіліктер талқыға салынды.

Сондай-ақ, бөлімшенің қауіпсіздік қызметінің бастығы мен бас маманы Маңғыстау станциясының сұрыптау дөңесінде



АЙЛЫҚТЫҢ БІРІНШІ ОНКҮНДІГІ АЯСЫНДА 9 ТЕКСЕРУ ӨТКІЗІЛІП, НӘТИЖЕСІНДЕ 4 БҰЗУШЫЛЫҚ АНЫҚТАЛДЫ. ОЛАР СҰРЫПТАУ ДӨНЕСІНІҢ ЖҰМЫСЫ ЖӨНІНДЕГІ НҰСҚАУЛЫҚТАРДЫ, ЛАУАЗЫМДЫҚ НҰСҚАУЛЫҚТАРДЫ, КЕЛІССӨЗДЕР РЕГЛАМЕНТІН САҚТАУ, ВАГОНДАРДЫ БЕКІТУГЕ АРНАЛҒАН ТЕЖЕГІШ БАШМАҚТАР МЕН ҚҰРЫЛҒЫЛАРДЫ ЕСЕПКЕ АЛУ, САҚТАУ, ТАҢБАЛАУ, ПАЙДАЛАНУ ТӘРТІБІ ТУРАЛЫ НҰСҚАУЛЫҚ ТАЛАПТАРЫН ОРЫНДАУ БОЙЫНША БОЛҒАН.

қызметкерлердің лауазымдық нұсқаулықтарды, технологиялық процесті, сұрыптау дөңесінің жергілікті нұсқаулық талаптарының орындалуына, сұрыптау дөңесіндегі тежегіш табандықтарының

жай-күйі мен есебіне және сақталуына кенеттен тексеріс жасады. Сұрыптау дөңесінде вагондарды таратудың белгіленген жылдамдығын сақтау жайы да қаралды. Маңғыстау станциясының бас

инженері Б.Исатаевтың төрағалығымен бөлімшенің бас инженері Қ.Жақанов пен қозғалыс қауіпсіздігі қызметінің бастығы А.Құсайыновтың қатысуымен СЦБ құрылғыларының, сұрыптау жолдарының, тежеу позицияларының, табандықтарды тастағыштардың, тежегіш табандықтарды сақтауға арналған стеллаждардың жай-күйі ШЧ, ПЧ өкілдерімен бірге комиссиялық тексеруден өткізілді.

– Айлық аясында Маңғыстау станциясының сұрыптау жүйесінің барлық жұмысы көрінді. Ауысымда дөңес бойынша кезекші Қойлыбай Реев, оператор Қайсар Оңайшаев, РСДВ Мұхтар Әуезов, Әлібек Бегенов, Олжас Нұрмәмедов, Кенжебек Аялбергеновтардың жұмыстарымен таныстым. Сол сәтте №2732 жүк пойызының құрамын дөңестен тарату жүргізілді. Вагондардың таратылу тәртібі талапқа сай жүргізіліп, мамандар өз қызметін сауатты атқара білді, – деген Маңғыстау жүк тасымалы бөлімшесі директорының бірінші орынбасары Е.Бурхотов осы тексеріс барысында инертті материалдардың болуы және тежегіш табандықтарының жай-күйі, пайдалануда ақаулы тежегіш табандықтарының болмауы, тежегіш позициялар мен башмақ тастағыштардың техникалық жағдайы, маневрлік жұмысты қауіпсіз жүргізу және ерекше сақтықты талап ететін вагондарға қойылатын талаптарды пайдалану, жылжымалы ағытпа-лар арасындағы аралықты сақтау сияқты мәселелерге ерекше назар аударылғанын жеткізді.

Айлық қорытындысы бойынша жиын өтіп, анықталған бұзушылықтар мен ескерілген тұстар егжей-тегжейлі зерттеліп, зерделенбек.

Суретті түсірген автор

ДАЛА ӨРТІНЕН ҚАУІП БАР



КӨКЕЙКЕСТІ

Жаздың басталуымен Семей ЖТ бөлімшесі бойынша дала өртінің қаупі артып отыр. Бұл орайда тораптық станциялардағы өрт сөндіру пойызы қызметкерлерінің де, желі бойындағы жолшылардың да жұмыстары ауырлай түсуде.

Қуаныш ҚОЖАЕВ,
Семей

Қырағылықты арттыру тепловоз машинистеріне де тапсырылған. Сол тәрізді қызыл жалыннан келер қауіп бойынша диспетчерлер де мағлұмат жинауды міндеттеріне алған. Қазіргі күні еліміздің шығысы ауа темпера-

турасының күрт жоғарылауына байланысты өрт қауіптілігі бойынша ең жоғары деңгей 5-ші класқа жатқызылды. Осыған орай бөлімшедегі жол дистанциялары бойынша да қауіпсіздік шаралары күшейтіліп жатыр. Әсіресе, бөлімшенің Жаңа-Семей – Шар телімі мен Аягөз-Ақтоғай аралығында дала өртінің қауіптілігі артып отыр. Бұл аралықтағы

орын алған өрт жайлы тиісті орындарға көп жағдайда машинистер хабарлайды. Мәселен, жуырда осы учаскедегі тұтанған тілсіз жауды төтенше жағдай басқармасы мамандары келіп жеткенге дейін жолшылар өз күштерімен сөндірді.

Бұл орайдағы маңызды жайт, әсіресе, желі бойындағы электр бағаналарын қызыл жалыннан сақтау болып отыр.

– Дала өртінен төнер қауіпті сейітту үшін Жаңа-Семей-Дегелең, Шар-Аягөз телімдері бойынша электр бағаналары темірбетонға ауыстырылуда. Әйтсе де, қарағайлы орман іші болғандықтан Семей-Белағаш-Ауыл телімдеріндегі қауіп сейілмей тұр, – дейді Семей электрмен қамту дистанциясының мамандары.

Риддер қаласындағы орман өртінен кейін аталмыш аумақтағы сақтық шаралары айрықша күшейтілген. Бұл орайда теміржолшыларға «Семей орманы» табиғи резерватының орманшылары да көмек қолын созуда.

САУДА ТУРАЛЫ ХАБАРЛАНДЫРУ

«KTZ Express» акционерлік қоғамы (бұдан әрі – «KTZ Express» АҚ) «KTZ Express» АҚ мүлкін сату бойынша электронды сауда өткізу туралы хабарлайды, ол 2021 жылғы 16 маусымда 10:00 сағатта (Нұр-Сұлтан уақыты) Мемлекеттік мүлік тізілімінің www.gosreestr.kz веб-порталында өтеді.

Нысандарды өткізу «KTZ Express» АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген (2018 жылғы 10 қаңтардағы №1 хаттама) «KTZ Express» АҚ Мүлкін өткізу қағидаларына және «Ақпараттық-есеп орталығы» АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген (2014 жылғы 23 мамырдағы №66 хаттама) Мемлекеттік мүлік тізілімі веб-порталында мүлкі сату бойынша электронды сауда өткізу регламентіне (бұдан әрі – Регламент) сәйкес жүзеге асырылады.

Бағаны төмендету аукционна мына Нысандар шығарылады:

№	Аты	Мем. номер	Жылы	Бастапқы баға, теңге	Бастапқы баға, теңге	Төмен баға, теңге	Кепілдік жарна, теңге
1	Iveco Power Daily	875BH01	2015	6 452 307	19 356 920	5 484 461	967 846
2	Полуприцеп Сзап 99051	35DDA01	2008	2 876 499	8 629 498	2 445 024	431 475
3	Полуприцеп Сзап 99051	51DFA01	2008	2 780 616	8 341 848	2 363 524	417 092
4	ГАЗ 5204	133CY02	1980	443 873	1 331 618	377 292	66 581
5	Полуприцеп Одаз 885	03ESA02	1979	333 673	1 001 018	283 622	50 051
6	Полуприцеп Сзап 99051	50CZA04	2008	2 812 578	8 437 733	2 390 691	421 887
7	Полуприцеп Чмзап 998740	18CVA04	2010	856 336	2 569 009	727 886	128 450
8	Полуприцеп Чмзап 998740	46CUA04	2010	811 266	2 433 799	689 576	121 690
9	Камаз 5320	157CY02	1989	737 990	2 213 971	627 292	110 699

Сауда қатысушылары тіркеу тізілімі веб-порталында хабарландыруды жариялану күнінен бастап веб-портал арқылы жүргізіледі және сауда басталардан екі сағат бұрын аяқталады.

Сауда-саттыққа тіркелу үшін қатысушының ӘЦҚ мен қол қойылған, Ережеге қосымшаға сәйкес нысан бойынша сауда-саттыққа өтінімді тіркеушінің веб-порталында тіркеу қажет.

Бағаны төмендету әдісін қолдана отырып аукцион түрінде сауда-саттық.

Кепілдік жарналар «Ақпараттық-есеп орталығы» АҚ шотына енгізіледі: БСН: 050540004455, БСК: HSBKZKX, IBAN /ЖСК: KZ94601711100000330, «Народный банк Казахстана» АҚ. Төлемнің тағайындалуы: электронды аукционға қатысу үшін кепілдік жарна (кепілдік жарна көлеміне банк қызметтерінің төлемі кірмейді).

Кепілдік жарна ретінде банк кепілдемесі қабылданбайды.

Кепілдік жарналардың «Ақпараттық-есеп орталығы» АҚ шотына уақытты түсуі мақсатында кепілдік жарнаны өтінімдерді қабылдау аяқталғанға дейін үш күннен кешіктірмей төлеу ұсынылады.

Сауда нәтижелері туралы хаттаманы тізілім веб-порталы қалыптастырады, сауда өткізу күнінде сатушының және сауда жеңімпазының ӘЦҚ пайдалану арқылы қол қойылады.

Саудада жеңіске жеткен қатысушы сауда нәтижелері туралы хаттамаға қол қоймаған жағдайда, сатушы кепілдік жарнаны қайтармайды.

Сауда нәтижелері туралы хаттама аукцион нәтижелерін және жеңімпаз бен сатушының нысанды сату бағасы бойынша сатып алу-сату шартына қол қою міндеттемесін бекітетін құжат болып табылады.

Жарияланған баға бойынша сатылу объектісін сатып алу ниетін бірінші болып растаған қатысушы жеңімпаз болып есептеледі.

Жеңімпазбен сатып алу-сату шартына тізілім веб-порталында сауда қорытындысын шығару күнінен бастап он күнтізбелік күннен аспайтын мерзімде қол қойылады.

Жеңімпаз мүлкі сатып алуға және сатуға байланысты барлық шығындарды, оның ішінде, бірақ онымен шектелместен, мүлкі тіркеу және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тиісті салықтар мен басқа да төлемдер бойынша шығыстарды төлеуге міндетті.

Жеңімпаз осы арқылы Нысанды сатып алу кезінде ол объектінің техникалық жағдайы мен оның кемшіліктерін толық білетінін және келісетінін растайды.

Жеңімпаз Нысанның ақаулары өтелуге жатпайды және Сатушы Нысанның кез келген ақаулары үшін жауапкершілік көтермейді деп келіседі.

Жеңімпаз Сатушыға Объектінің сапасы мен толықтығына қатысты талаптарды қоймауға міндеттенеді.

Электронды аукцион өткізу тәртібі, саудаға қатысушының ресімдеу тәртібі туралы, Жеңімпазды анықтау шарттары жайлы ережелермен Қағидалардан және Регламенттен танысуға болады, олар «KTZ Express» АҚ-ның www.ktze.kz және «Ақпараттық-есеп орталығы» АҚ-ның www.gosreestr.kz сайттарында көпшілік үшін қолжетімділікпен орналастырылған.

Қосымша ақпаратты 87710838734 («KTZ Express» АҚ, Нұр-Сұлтан қ., Дінмұхамед Қонаев, 10) және 8 (7172) 55-29-81 («АЕО» АҚ, Нұр-Сұлтан қ., А.Жұбанов к., 16, 4 этаж) телефондары бойынша алуға болады.

ПУТЕВАЯ СТРАДА В РАЗГАРЕ



КАПРЕМОНТ

В Алматинском регионе запланирован капитальный ремонт железнодорожного полотна в объеме 67,11 километра. В этом году – на Актогайской и Бескольской дистанциях пути. Летние путевые работы уже набирают обороты, проходят строго с соблюдением личной безопасности, а условия труда и быта позволяют железнодорожникам качественно выполнять работу и уложиться в срок.

Елена КОЛДАСБАЕВА,
Алматы

Капитальный ремонт пути в регионе в самом разгаре. На участке Актогай – Достык перегона Бесколь – Жайпак – разезд 13 он запланирован в объеме 46,84 километра. На сегодняшний день специалисты уложили рельсошпальную решетку на 23,5 километра перегона Жайпак – Акши, первый путь станции Жайпак – 1 212 метров, на станции Бесколь первый главный путь – 1807. Далее – укладка рельсовых плетей и отделочные работы. Следующий этап – капитальный ремонт пути перегона Бесколь – Жайпак в объеме 23,2668 километра. Подрядчиком выступает ТОО «InConKz» – «Южная дирекция» ПМС Уштобе.

На ремонт задействованы путеукладчик УК 25/18, электробалластер ЭЛБ-3, выправочно-подбивочно-отделочная машина непрерывного действия ВПО-3000, шебнеочистительная машина РМ-2002.

С 20 июля начнутся ремонтные путевые работы на участке Актогай – Матай перегона Каратас – Акбалык – Арганаты



– 20,27 километра. Климатические условия здесь весьма сложные, летом – изнуряющая жара, пыльные бури, ливневые дожди, ветра. Поэтому руко-

водство магистральной сети старается создать максимум хорошие условия труда для работников. Надо отметить, что и содержание

жание, и ремонт железнодорожного пути и сооружений характеризуются повышенной опасностью и специфичностью труда. Выполняется непосредственно на путях, с предоставлением технологических окон, при этом ремонтникам нужно сделать работу качественно и уложиться в срок. Ограниченная рабочая зона, большая протяженность и недостаточный обзор создают повышенную опасность выполнения таких работ. Поэтому вопросы охраны труда здесь стоят на первом месте. Также особое внимание отводится обеспечению доставки ремонтников к месту проведения работ, учитываются социальные моменты.

Многое зависит от планирования и организации работ, – считает начальник отдела пути Алматинского отделения магистральной сети Руслан Нурболат. – Ведь путевые работы обеспечивают исправное состояние пути, увеличивают срок службы элементов, гарантируют бесперебойное и безопасное движение поездов с нормированными скоростями.

Фото автора

СИСТЕМНЫЙ ПОДХОД



ОСМОТР

Отраслевые ревизоры департамента по безопасности движения АО «НК «КТЖ» по Восточно-Казахстанскому участку при проведении весеннего комиссионного осмотра выявили ряд несоответствий, требующих доработки и устранения для предупреждения нарушений безопасности и безаварийной работы хозяйств. В целом выявлено 729 замечаний.

Ольга УШАКОВА,
Усть-Каменогорск

Больше всего замечаний, по информации главного отраслевого ревизора департамента по безопасности АО «НК «КТЖ» по Восточно-Казахстанскому участку Айдына Огузбаева, касались содержания технических средств и подвижного состава. Их число – 426. Также ревизоры выявили 273 случая нарушения технологических процессов, 24 замечания касались нарушений в заполнении, ведении нормативно-технической документации, еще шесть нарушений – отсутствия НТД.

В хозяйстве движения выявлено 95 нарушений, по хозяйству грузовой и коммерческой работы – 10. Из-за несоблюдения технологического процесса и низких знаний на повторную проверку знаний

направлены семь работников. По локомотивному хозяйству выявлены 42 замечания, взяты объяснения с 12 работников, три работника направлены на внеочередную проверку знаний, – рассказал Айдын Огузбаев. –



В РАМКАХ ВЕСЕННЕГО КОМИССИОННОГО ОСМОТРА ОТРАСЛЕВЫЕ РЕВИЗОРЫ ПО ВОСТОЧНО-КАЗАХСТАНСКОМУ УЧАСТКУ СДЕЛАЛИ 729 ЗАМЕЧАНИЙ. БОЛЬШЕ ВСЕГО ОНИ КАСАЛИСЬ СОДЕРЖАНИЯ ТЕХНИЧЕСКИХ СРЕДСТВ И ПОДВИЖНОГО СОСТАВА.

Здесь упущен контроль за реализацией и выполнением требований поручений и телеграфных указаний сетевого уровня, при проведении КИП комплексно не оценивается уровень профессиональных навыков работников локомотивных бригад.

В вагонном хозяйстве ревизоры выявили 81 нарушение. По результатам проверки отставлено из эксплуатации и из планового ремонта по одному вагону, с ТОР – два вагона, а на повторную проверку знаний

отправлены два работника. Что касается путевого хозяйства, то отраслевые ревизоры отмечают: здесь с каждой проверкой увеличиваются случаи принятия запретных мер. По результатам проведенных проверок в ходе весеннего комис-

сионного осмотра аппаратом РБ-5 выявлено 323 нарушения. Принята 101 запретная мера, из них закрыто для движения поездов 12 станционных путей, 7 стрелочных переводов, по 83-м сделаны ограничения скоростей движения из-за неудовлетворительного содержания верхнего строения пути: негодности деревянных брусков, шпал на перегонах, станционных путях и стрелочных переводах. Замена материалов верхнего строения пути производится из старогонных, на которых уже имеются износы, так как поступления комплектов деревянных переводных брусков для стрелочных переводов нет с 2016 года.

По хозяйству сигнализации и связи выявлено 88 нарушений, принято шесть запретных мер. Отменены графики технологического процесса из-за некачественного их выполнения. Выключались пути, стрелочные переводы из-за некачественного содержания.

Как отметил Айдын Огузбаев, по всем выявленным недостаткам, упущениям в работе проведено итоговое совещание, на котором составлен план корректирующих мероприятий по срокам и качеству устранения выявленных недостатков.

ИЗВЕЩЕНИЕ О ТОРГАХ

Акционерное общество «КТЗ Express» (далее – АО «КТЗ Express») объявляет о проведении электронных торгов по продаже имущества АО «КТЗ Express», которые начнутся 16 июня 2021 года в 10.00 (время Нур-Султана) на веб-портале Реестра государственного имущества www.gosreestr.kz.

Реализация имущества осуществляется в соответствии с Правилами реализации имущества АО «КТЗ Express», утвержденными решением Совета директоров АО «КТЗ Express» (протокол от 10 января 2018 года №1) (далее – Правила) и Регламентом проведения электронных торгов по продаже имущества на веб-портале Реестра государственного имущества, утвержденным решением Совета директоров АО «Информационно-учетный центр» (протокол от 23 мая 2014 года №66) (далее – Регламент).

На аукцион на понижение цены выставляется следующее имущество:

№	Наименование транспорта	госномер	год	начальная стоимость	стартовая стоимость	минимальная стоимость	гарантийный взнос
1	Iveco Power Daily	875BH01	2015	6 452 307	19 356 920	5 484 461	967 846
2	Полуприцеп Сзап 99051	35DDA01	2008	2 876 499	8 629 498	2 445 024	431 475
3	Полуприцеп Сзап 99051	51DFA01	2008	2 780 616	8 341 848	2 363 524	417 092
4	ГАЗ 5204	133CY02	1980	443 873	1 331 618	377 292	66 581
5	Полуприцеп Одаз 885	03ESA02	1979	333 673	1 001 018	283 622	50 051
6	Полуприцеп Сзап 99051	50CZA04	2008	2 812 578	8 437 733	2 390 691	421 887
7	Полуприцеп Чмзап 998740	18CVA04	2010	856 336	2 569 009	727 886	128 450
8	Полуприцеп Чмзап 998740	46CUA04	2010	811 266	2 433 799	689 576	121 690
9	Камаз 5320	157CY02	1989	737 990	2 213 971	627 292	110 699

Регистрация участников торгов на веб-портале реестра со дня публикации извещения на веб-портале реестра и заканчивается за два часа до начала торгов.

Для регистрации в качестве участника торгов необходимо на веб-портале реестра зарегистрировать заявку на участие в торгах по форме, согласно приложению к Регламенту, подписанную ЭЦП участника.

Торги в форме аукциона методом на понижение цены.

Гарантийные взносы вносятся на счет АО «Информационно-учетный центр»: БИН: 050540004455, БИК: KZKOKZKX, ИИК: KZ 529261501102032004, АО «Народный Банк». Назначение платежа: гарантийный взнос для участия в электронном аукционе (в размер гарантийного взноса оплата банковских услуг не входит).

Банковская гарантия в качестве гарантийного взноса не принимается.

С целью своевременного поступления гарантийных взносов на счет АО «Информационно-учетный центр» рекомендуется оплатить гарантийный взнос не позднее трех дней до окончания приема заявок.

Протокол о результатах торгов формируется веб-порталом реестра, подписывается с использованием ЭЦП продавцом и победителем торгов в день проведения торгов.

В случае неподписания участником, победившим в торгах, протокола о результатах торгов гарантийный взнос не возвращается.

Победителем считается участник, первым подтвердивший свое желание приобрести объект продажи по объявленной цене и подписавший протокол об итогах торгов.

Протокол о результатах торгов является документом,

МЕДИЦИНСКИЕ ИЗДЕЛИЯ ИЗ КИТАЯ

Роман ЛЮБИМОВ,
Нур-Султан



ПЕРЕВОЗКИ

АО «КТЗ Express» осуществило сложную перевозку стратегически важного для страны груза – медицинских изделий для борьбы с пандемией – из Китая в Казахстан.

В составе груза – самоблокирующие шприцы, используемые для вакцинации, медицинские диагностические и хирургические перчатки и многое другое. Благодаря четко слаженной работе медицинских изделий перевезены с соблюдением всех санитарных, температурных и временных норм. Грузополучатель – ТОО «СК-Фармация» выразило огромную благодарность за оперативность в организации сложной логистической цепочки в период пандемии.

Оперативно организована как загрузка, так и контроль доставки контейнеров по всему пути следования, вплоть до складов временного хранения грузополучателя, – отметил председатель правления ТОО «СК-Фармация» Ерхат Искалиев. – Выражаем большую признательность руководству и коллективу АО «НК «Казақстан темір жолы» и ее дочерней организации – АО «КТЗ Express» – за оперативное взаимодействие в своевременном проведении необходимых процедур по перевозке и доставке столь важных грузов для страны. Мы уверены, что скоординированная и слаженная работа всех звеньев позволила в феврале начать массовую вакцинацию наших граждан и продолжает наращивать обороты.



СЛАЖЕННО И ЧЕТКО

Аслан КУДАБАЕВ,
Костанай



УЧЕНИЯ

В Костанайском регионе состоялись очередные пожарно-тактические учения по условному тушению пожара на территории КГУ «Басаманское учреждение лесного хозяйства».

Как сообщил руководитель противопожарного железнодорожного отряда Султан Смамбаев, на перегоне Казанбас – Аманкарагай прошли тренировки по условному тушению лесных пожаров. Учения проводились с привлечением сотрудников управления природных ресурсов акимата Костанайской области, ГУ «СП и АСР» ДЧС области, пожарной части станции Кушмурун, РОВД и ЦРБ Аулекольского района, ДПФ акимата Аулекольского района.

По тактическому замыслу учений, в результате грозового разряда возник пожар на юго-восточной окраине хвойного участка леса, в квартале №4, выдел 10, недалеко от поселка Каракалпак и железной дороги. По сигналу, к месту условного возгорания устремились все вышеперечисленные силы. Сотрудники подразделений сработали оперативно и профессионально, возгорание было локализовано, а затем ликвидировано.

При подведении итогов, на котором присутствовали заместитель акима и начальник ДЧС Костанайской области, дана положительная оценка учениям.

Цель подобных учений – отработка взаимодействия между ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования акимата Костанайской области», ГУ «Служба пожаротушения и аварийно-спасательных работ ДЧС Костанайской области КЧС МВД РУ» и костанайскими железнодорожниками, – подвел итоги Султан Смамбаев.

Фото автора

фиксирующим результаты аукциона и обязательства победителя и продавца подписать договор купли-продажи Имущества по цене продажи.

Договор купли-продажи с победителем подписывается в срок не более десяти календарных дней со дня подведения итогов торгов веб-портале реестра.

Победитель обязан произвести за свой счет все расходы, связанные с куплей-продажей имущества, включая, но не ограничивая, расходы по регистрации имущества и уплату соответствующих налогов и других платежей в соответствии с законодательством Республики Казахстан.

Победитель, подписывая протокол об итогах торгов, подтверждает, что на момент покупки Объекта он полностью ознакомлен и согласен с техническим состоянием Объекта и его недостатками.

Победитель согласен с тем, что недостатки Объекта возмещению не подлежат и Продавец не несет никакой ответственности за любые недостатки Объекта.

Победитель обязуется не предъявлять требования к Продавцу по вопросу качества, комплектности Объекта.

Сположениями о порядке проведения электронного аукциона, порядке оформления участия в торгах, об условиях определения Победителя можно ознакомиться в Правилах и Регламенте, которые находятся в публичном доступе на сайтах АО «КТЗ Express» www.ktze.kz и АО «Информационно-учетный центр» www.gosreestr.kz.

Дополнительную информацию можно получить по телефонам: 8 771 083 87 34 (АО «КТЗ Express»), г. Нур-Султан, ул. Дінмұхамед Қонаев, 10, и 8 7172 55 29 81 (АО «ИУЦ»), г. Нур-Султан, ул. А. Жубанова, 16, 4 этаж.

КОМФОРТНОЕ МЕСТО ДЛЯ ВСТРЕЧ



Представители Карагандинского регионального Совета ветеранов-железнодорожников отпраздновали новоселье в свежестроенном кабинете. В дальнейшем здесь планируется организовать клуб по интересам для людей, вышедших на заслуженный отдых.

Светлана МОГАЙ,
Караганда



По словам председателя Карагандинского регионального Совета ветеранов-железнодорожников Марьяш Кумековой, сейчас в кабинете приятно находиться и принимать гостей.

– Сделан отличный ремонт и закуплена новая мебель. Кроме того, в типографии заказаны стенды, на которых в дальнейшем будет размещена различная информация, в том числе о пенсионерах, проработавших в железнодорожной отрасли многие десятилетия, – рассказывает она. – Ремонт произведен по инициативе и силами Карагандинского филиала профсоюза железнодорожников.

Особую благодарность Совет ветеранов выразил директору ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» – «Карагандинское отделение ГП» Марлену Кокрекбаеву, председателю Карагандинского филиала профсоюза Яхье Альмусину и председателю профсоюза филиала АО «КТЖ – Грузовые перевозки» – «Карагандинское отделение ГП» Галы Ермекебаеву. Благодаря им ветераны труда имеют возможность радоваться жизни и не унывать.

Как отметила Марьяш Кумекова, Карагандинский региональный Совет ветеранов-железнодорожников был создан по инициативе Центрального совета в АО «НК «КТЖ» в 2016 году.

– С того времени активисты смогли охватить ранее работавших пенсионеров на станциях и предприятиях в количестве 3 500 человек. Даже в условиях работы в удаленном формате мы постоянно находились на связи с представителями линейных предприятий и пенсионерами,

которые обращаются к нам и в профсоюзные комитеты за консультацией. В течение года мы поздравляем юбиляров, вручаем им благодарственные письма. На День пожилого человека профсоюз оказал пенсионерам помощь в виде продуктовых корзин, а к профессиональному празднику им будет выделена материальная помощь.

В Карагандинском регионе проживает немало талантливых пенсионеров-железнодорожников. Кто-то из них прекрасно рисует, кто-то сочиняет стихи, а кто-то выращивает на даче шикарный урожай. Чтобы объединить этих разносторонних людей, представители Совета ветеранов решили после карантина организовать клуб по интересам среди людей, вышедших на заслуженный отдых.

– Очень хочется, чтобы это место было уютным и комфортным для общения и встреч. Есть одно мудрое изречение, которое полностью соответствует нашей действительности: даже в глубокой старости надо жить, а не доживать. И с этим трудно не согласиться, – резюмирует Марьяш Кумекова.

Фото автора



ШҰҒЫЛ ТЕЖЕУ КӨБЕЙГЕН



Соңғы уақытта Ерейментау, Арқалық станцияларына қарасты теміржол нысандарында жазатайым оқиғалардың жиіленіп, соған байланысты теміржол көліктерінің шұғыл тежеу қолдануы көбейген.

Сұлугүл БАКЕСОВА,
Нұр-Сұлтан

Осыған орай, жақында аталған станциялардағы желілік полиция бөлімшесінің қызметкерлері Ерейментау қаласының және Арқалық қаласының Фурманов, Восточное ауылдарындағы орта мектептердің оқушыларымен кездесіп, «Темір жол – қауіптілігі жоғары аймақ» тақырыбында жиын өткізді. Ондағы мақсат – болат жол бойында жазатайым оқиғаларға, балалардың жарақаттануына және локомотивтердің шұғыл тежегіш қолдануына жол бермеу.

Полиция қызметкерлері мектеп оқушыларын темір жол көлігі нысандарына жақындаған кезде сергек болуға, қалта телефонына алаңдап, қырағылықты жоғалтпай алмауға шақырды. Сондай-ақ, құзыретті орган өкілдері мұғалімдерге де оқушыларға әрдайым темір жолдағы жүріс-тұрыс ережелерін түсіндіріп, ескертіп отыруға өтініш жасай келіп, бұл аймақ ойын алаңы емес екенін ескертті.

Полиция қызметкерлері теміржол

аумағында болған кезде қауіпсіздік ережелерін адамдардың өздері асығып, белгіленбеген жерден өту арқылы бұзатындарын, ал мектеп жасындағы балалар теміржолды ойын алаңына айналдырып ойын ойнап және интернет желісіне фото жүктеу үшін суретке түсемін деп жүріп, қала берді жастардың құлаққап киіп алып музыка тыңдап, қайғылы жағдайға тап болып немесе орны толмас қазаға ұшырап жататындарын атап өтті.

Жылдамдықпен жүріп келе жатқан пойызды тоқтату оңай емес. Шұғыл тежегіш басқанның өзінде пойыз 800 метр қашықтыққа дейін жүріп барып тоқтайды. Сондықтан көп жағдайда адам өмірін сақтап қалу мүмкін емес, мұндай жағдайлар локомотив жүргізушілерді күйзеліске әкелумен қатар теміржолға да қомақты зиян келтіретіні жиынға қатысушыларға ескертілді. Ал кездесу соңында бақытсыз оқиғалардың алдын алу шарасының аясында жадынамалар мен ескертпелер таратылды.

Суретті түсірген Александр ЖАБЧУК



Қосыйым МҰҚАШЕВ,
Атырау

Бірақ вирусты тек ғылыми түрде ғана зерттеп білуге болады, ауызша қарсы дау айту негізсіз. Сол себепті де атыраулық теміржолшылар, әсіресе жастар, ұжымдық иммунитет орнату үшін екпе салдыруды қолдап, арнайы медициналық орындарға барып, вакцинациядан өтуде.

«Атырау қаласында теміржолшылар «Медикер» медициналық орталығына барып екпе салдыруда. Бүгінде олардың саны жүзден асты. Сондай-ақ, станцияларда, басқа да темір жол мекемелерінде жұмыс жасайтын жұмысшылар тұрғылықты мекен-жайлары бойынша екпе алуға. Негізнен ресейлік «Спутник V»

ЕКПЕ АЛУ ЖАЛҒАСУДА

Бүгінде COVID-19 коронавирусына қарсы вакцинациялау жұмысы – қоғамдағы ең даулы мәселенің бірі. Бірі салдыру керек десе, екіншілері салдырмау керек дейді. Әрқайсының өз уәжі бар.



белгілі. Сондықтан барлық теміржолшы әріптестерімді екпе алуға шақырамын» дейді ол.

Бөлімшенің кәсіподақ ұйымы жетекшісі Нұрбол Нұрышевтің айтуынша, Мақат, Ганюшкино сынды ірі станцияларға барып, жұмысшылармен кездесу өткізіп, COVID-19 коронави

жүргізу қажеттігі жөнінде дәрігерлермен бірге насихат жұмыстары жүргізілген. Екпе салдырып, өзінің және айналасындағылардың денсаулығына қамқорлықпен қарау қажеттігін ұғынғандар өз еріктерімен вакцина алып жатыр.

Суретті түсірген автор

УБЕРЕЧЬ ОТ БЕДЫ



Профилактическая акция «Приемная на дороге» прошла в столичном вокзальном комплексе «Нұрлы жол».

Любовь РОВБА,
Нур-Сұлтан



Главная цель мероприятия – предупреждение несчастных случаев на железной дороге с участием детей и взрослых.

Совместно с работниками вокзального комплекса «Нұрлы жол» сотрудниками линейного отделения полиции, инспекторы по делам несовершеннолетних департамента полиции города Нур-Сұлтан разъяснили пассажирам и посетителям вокзала правила поведения вблизи железнодорожного пути и напомнили, что от внимательности и соблюдения мер предосторожности зависит здоровье, а порой и жизнь человека.

Самыми распространенными причинами травматизма на железной дороге являются прогулки по путям и их переход в неустановленных местах, сообщалось в ходе акции. Ежегодно под колесами поездов получают тяжелые травмы десятки детей и подростков. Немало случаев с летальным исходом. Большинство из них приходится на время школьных каникул. Незвиря на печальную статистику происшествий, железная дорога остается привлекательным местом для игр. Поэтому летом взрослым и детям нужно быть предельно бдительными.

В свою очередь, пассажиры в рамках акции «Приемная на дороге» поделились своими наблюдениями и советами по улучшению правопорядка на вокзалах и в поездах.

Фото автора

СПОРТ

Қазіргі кезде әлемдік пандемияға байланысты көптеген шараларды өткізу баяулап қалғаны рас. Дегенмен, шымкенттік теміржолшылар Ұлы Отан соғысы ардагерлерінің құрметіне мамыр айының ортасына белгіленген шағын футболдан турнир өткізді.

Жан ПЕРДЕБЕК,
Арыс



ШАҒЫН ФУТБОЛДАН ТУРНИР ӨТТІ

Жарыс карантин шектеулерінің барлық ережелерін сақтай отырып жүргізілді.

Ардагерін ардақтайтын ұрпақ барда ел қариялары жүз жасайды. Оларды тек мереке күндері ғана елеп-ескермей, барлық кезде құрмет тұтып, тағзым білдіру – бүгінгі ұрпақтың міндеті деп санайды Шымкент филиалы кәсіподақ ұйымының төрайымы, орталық кеңесінің мүшесі

Нағима Салықбаева.

Арыс қаласында өткен мини-футболға қатысушы командалар тенбіл допты сағынып қалғандарын көрсетті. Жарыс өте тартысты болып өтті. Сонымен қатар, олардың бойындағы спортқа деген құштарлық, жеңіске деген талпыныс, теміржолшылардың жүзіндегі достық көңіл-күй жарыстың көрігін қыздыра түсті.

Сонымен, мини-футболдан өткен

жарыста 1-орынды ШЧ-38, 2-орынды Сарыағаш станциясы, 3-орынды Арыс станциясы иеленді.

Жарыс соңында Шымкент филиалы кәсіподақ ұйымының төрайымы, орталық кеңесінің мүшесі Нағима Әуезханқызы қатысушылар алдында сөз сөйлеп, оларға ардагерлер атынан алғыс білдіріп, лайықты сый-сияпаттарын табыс етіп, марапаттады.

Суретті түсірген автор



ҚАЗАҚСТАН
ТЕМІР
ЖОЛЫ



ҚАЗКӨЛІККӘСІП

Бас редактор
Дина Муздубаева

Бас редактордың орынбасары
Меруерт Өмірзақова

Газет басылатын қалалар:
Нұр-Сұлтан, Сілеті 30
«Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
Ақтөбе, Смағұл көш., 9/2.
«Хабар-Сервис» ЖШС
Шымкент, Әлімқұлов көш., 22.
«ERNUR Print» ЖШС

Басылымның таралымы 20 000

Газет сейсенбі,
жұма күндері шығады.

Газет шығару және тарату қызметімен
«Қазақстандық салалық теміржол»,

автомобиль, ауе және су көлігі қызметкерлерінің кәсіби одағы» қоғамдық бірлестігі айналысады. © «Қазақстан теміржолшысы» газетінде жарияланған материалдарды көшіріп немесе өңдеп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынып, газетке сілтеме жасалуы міндетті. Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына жауап бермейді.

Кезекші редакторлар:
Р. Рахметов, С. Бакесова

Меншікті тілшілер:

Алматы: Елена Қолдасбаева 8-701-794-98-80
Атырау: Қосыйым Мұқашев 8-778-946-09-66
Шымкент: Жансейіт Мәнжас 8-707-390-17-18
Шығыс Қазақстан: Ольга Ушакова 8-777-203-51-87
Жамбыл: Асқат Райқұлов 8-700-330-01-53
Маңғыстау: Шахида Жұманова 8-707-886-72-45
Орал: Анна Панищева 8-707-910-74-17
Қызылорда: Сабырхан Надірбаев 8-778-409-78-59
Семей: Қуаныш Қожаев 8-775-710-70-53
Қарағанды: Светлана Могай 8-777-893-66-76
Қостанай: Аслан Құдабаев 8-705-267-44-00
Павлодар: Айдаң Ертай 8-747-535-21-58
Ақтөбе: Ардақ Ерубаяев 8-702-843-27-97
Көкшетау: Надежда Новицкая 8-701-854-38-27

Редакцияның мекен-жайы:
Нұр-Сұлтан қ., Д.Қонаев көшесі 6.

Газетті тарату жөніндегі менеджер
Асель Распаева,
тел.: 8 775 198 15 61,
e-mail: raspayeva.assel@mail.ru

Қазақстан Республикасы Баспасөз және бұқаралық ақпарат ісі жөніндегі Ұлттық агенттігінде тіркеліп, 1997 жылдың 30 шілдесінде №601 тіркеу күнәлі берілді.